

# Сабақтың мақсаты:

**Білімділігі:** Маңғыстау өңірінің талантты ақын-жазушыларының шығармашылығын дәріптеу, өнегелі өмір жолы мен шығармашылық мұраларының өміршендігін ұғындыру.

**Дамытушылығы:** Оқушылардың эстетикалық сезімін ояту, көркем сөз оқу шеберліктері арттыру.

**Тәрбиелігі:** Туған халқымыздың әдебиетін тереңірек тануға, оны сүйуге, қадірлей білуге дағыландыру.

**Көрнекілігі:** кітаптар мен баспасөз материалдары бойынша көрме, сахна, Маңғыстау тарихы папкалар, буклеттер, электронды тақта, слайд





Жер кіндігі аталған өлке - Маңғыстау



**1жүр:**

**Өліпте жиырма тоғыз бірі-мим,  
Білгенге өлең деген емес қиын.  
Алқада қызыл тілді сайратайын,  
Әлеумет, күнде болмас мұндай жиын.**

**2жүр:**

**Жарқыным, айттым өлең жиынында-ай,  
Өлеңім тал құрықтың қиынындай.  
Жел сөзді Тәңір берген не қылайын,  
Өзгедей отыра алман тыйылып-ай.**





1жүр:

Өркімнен пелде-пелде өтер заман,  
Жүргенде жан ұяда есен-аман,  
Тойыңды біз басталық, риза бол,  
Іркіліп, айта алмайды кейбір жаман.

2жүр:

Маңғыстау - машайықтың басқан жері,  
Талаптың таудай өрлеп, тасқан жері.  
Жер жүзін желмаямен жеті айналып,  
Ауғанға Асан бидің асқан жері...  
...Ер Шотан шұбар атын сыйға тартып,  
Ас беріп, Адай туын тіккен жері..»  
(Түмен БАЛТАБАСҰЛЫ).

## Жоспар:

1. Жер кіндігі аталған өлке (Маңғыстау тарихы)
2. Билерім сөз бастаған, ерлерім қол бастаған
3. Маңдайын Маңғыстаудың таң сүйеді,  
таңдайын қайқылардың ән сүйеді.
4. Абыл, Нұрым, Ақтаным  
Осылар еді тақтағым.
5. Жаңара бер, жасай бер – Маңғыстау!

## 1 Жүргізуші:

«Ман» қазіргі қазақ, түрікмен және басқа түркі халықтарының көне тілінде «адам» деген ұғымды білдіреді екен. Бірақ «Маңқыстау» «Адам қыстауы, адам мекені» деген мағынаны білдіретіндігіне қалай көз жеткіземіз? Бұлтартпас дәлел бар ма?

Осылайша «Маңқыстау» атауы әу баста Адамзаттың Түп Атасы Ман есіміне байланысты туған. Алғашқы «ман» сөзі «адам» деген мағынада тұр деп есептеймін. Ал атаудағы үшінші тұрған «н» дыбысы қазақ тілінің морфологиялық ерекшеліктеріне және алғашқы ұяң дауыссыз «м» дыбысының кейінгі әсерімен, сондай-ақ қысаң дауыссыз «қ», «с» дыбыстарының ілгерінді ықпалымен ассимиляцияланып, ұяң дауыссыз «ң» болып өзгергенін тәптіштеп дәлелдеу артық болар.

## 2 жүрг :

Маңғыстау – Қазақстанның оңтүстік -батыс бөлігінде орналасқан. Бүкіл Жер шары көлемінде алып қарасақ, Еуропа мен Азия/Азияның түйіскен тұсында. Бұл аймақтың жан-жақпен экономикалық қарым-қатынас жағдайы да өте тиімді. Өйткені облыстың батысы мен солтүстігін қоршай орналасқан Каспий теңізі арқылы Шығыс Еуропаға шығуға толықтай мүмкіндік болса, оңтүстігінде Түрікменстан, оңтүстік-шығысында Қарақалпақстан, солтүстігі мен солтүстік-шығысында Атырау, Ақтөбе облыстарымен шектесіп, күнбе-күнгі түрлі экономикалық байланыс мүмкіндігі жақсы жолға қойылған.

Маңғыстау облысының әкімшілік-аумақтық құрылымы 5 ауданнан, 3 облыстық маңызы бар қаладан, 6 кенттен, 30 селолық және ауылдық округтен тұрады. Қала халқының саны 274,6 мың адамды құрайды (76%), ал ауыл тұрғындарының саны – 87,1 мың адам (24%).

2011 жылдың басында облыста 524.2 мың адам тұрды, оның ішінде қала халқы – 275,8 мың немесе 52,8%, ауыл халқы – 248,3 мың адам (47,4%). 2007 жылдың басымен салыстырғанда халық саны 133,7 мың адамға немесе 34,2% өсті [3].

## **1 жүргізуші:**

Ақтау қаласы – Маңғыстау облысының орталығы. Қаланың алғашқы іргетасы 1963 жылы Ленинград жобасымен Каспий теңізінің жағасында салына бастады.

## **2 жүргізуші:**

Ұранымсың, жан баба,

Жыр әнімсің, жан баба.

Жебеушімсің, жан баба,

Демеушімсің, жан баба,

Бекет Ата-Пір баба!

Маңғыстау десе аузымызға бірден Бекет ата немесе 362 әулие түседі.

«Маңғыстаудағы әулиелер саны — 360, қырда — Бекет

ойда — Саназармен 362» деген қағиданың қатесіздігін айғақтай түседі.


Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштердің 80 пайызы

Маңғыстауда шоғарланған



- 1. Маңғыстау облысының қалалары (Ақтау, Жаңаөзен, Форт – Шевченко).
  2. Маңғыстау облысының құрамына кіретін аудандарды ата (Қаракия, Маңғыстау, Бейнеу, Түпқараған, Мұнайлы).
  3. Ұлы Отан соғысына қатысқан Маңғыстаулық бес батырды білесің бе? (Жұмағали Қалдығараев, Мәди Бегенов, Біләл Қалиев, Кемер Оңғалбаев, Исатай Шахатұлы Сүйеубаев)
  - 4.«Жалындап өткен жас ғұмыр» кітабының авторы кім? (Сейсен Демеубеав)
  5. «Ұйқыдағы арудың оянуы» еңбегінің авторы кім? (Әбіш Кекілбаев).
  - 6.«Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары», «Маңғыстау географиясы», «Есен - Қазақ» кітабының авторы кім? (Серікбол Қондыбаев).
  7. Маңғыстау облысы қай жылы құрылды? 1973 жылы 20 наурыз).
  8. Қазақстанда Қызыл кітап қай жылы жарық көрді? (1978жылы)
  9. Маңғыстау облысында орналасқан қорық қай қорық? Нешінші жылы құрылды? (Үстірт қорығы, 1984ж.)
  10. Маңғыстаудың байтақ даласында кездесетін емдік шөптерді ата? (адыраспан, бәйшешек, бозжиде, жантақ, изен, сүттіген).

11. Судың деңгейінен көтерілуі не деп аталады? ( тасқын)
12. Қазақстан қанша елмен шектеседі. Ол елдерді ата. (5 елмен, Ресей, Өзбекстен, Қырғызстан Қытай, Түрікменстан).
13. Түпқараған ауданының орталығы (Форт – Шевченко)
14. Ұзақ геологиялық уақыт ішінде үгітілудің нәтижесінде бұзылып, үстіңгі жағы тегістелген, биіктігі 200 - 600 м болатын жер бедерінің формасы (кәуст таулар)
15. Тектоникалық ойыстардың геологиялық уақыт ішінде шөгінді қабатпен толып, тегістелуінің нәтижесінде пайда болған жер бедері не деп аталады? (ойпаттар).
16. Дүние жүзіндегі ең үлкен ағынсыз көл (Каспий теңізі).
17. Өлкенің негізі көп таралған жануарлары, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарларын ата --- (қарақұйрық, үстірт қойы).
18. Маңғыстаудағы қандай тауларды білесің? (Айрақты, Шерқала, Ақмыштау, Ақтаулар, Отпан, Бесшоқы, Қаратау, Оғыланды, Маната, т. б)
19. Маңғыстаудағы қандай құстарды білесің? (қарлығаш, торғай, кептер, қарға, аққу, үйрек, шағала, шіл, бүркіт, жарқанат, қарабауыр).
20. Маңғыстаудан шыққан батырлар Иса, Шотан, Құлбарак, Досан батырлар.



1 жүргізуші: Иә, киелі Маңғыстау жері әулиелерге бай. Әрқайсысының өзіне тән қайталанбас қасиет ерекшелігі болғаны да аян. Уақыттың куәлік етуінше олардың әрқайсысының киесі мен шарапат-шапағатының әсер ету күші де әр алуан болып келеді. Айталық: бірі қан тамырын ұстау арқылы бүкіл болмысына деректерді қолға ұстатқандай, көріп-танып отырғандай баян етсе, енді бірі кәдуілгі қырық бір құмалықты ашып, сол арқылы айқын болжамдар жасаған; ал келесі біреуі болса кісінің бет-жүзіне қарап отырып-ақ, келген шаруасы мен ниет-пиғылын ашып беріп отырған. Мәтжан би қасына өнерлі жастарды ертіп ел аралап жүрген бір сапарында інісі Есет палуан: «Осындай қайратың тасып келе жатқанда бір жау да кездеспейді ғой» — деп қайталай беріпті. Інісінің даңғойлығын ұнатпаған Мәтжан онымен қатарласа беріп мойнына қыл шылбырды тұзақтап салып жіберіп, сүйрете жөнеліпті. Көзі аларып, аузынан ақ көбік ағып өліп бара жатқанда жолдастары арашалап алған інісіне: «Өлсе өлсін, жау іздеген кісінің сыбағасы сондай болу керек. Ол жаудың менен осал боларына көзі жетіп іздеп келе ме? — деген екен.

**2 жүргізуші:**

**Әбіш:**

Біреулер оны Мың қыстау елі, мыңдаған жолдар өлкесі, мыңдаған шың-құздар мен шыңырау

құдықтар аймағы деп атап жатады. Ал маған ол әлі де сырын аша қоймаған мың құпия, мың

жұмбақ ордасындай көрінеді де тұрады. Алтын Орда, Дешті Қыпшақ заманындағы тарихи

болмысымызды баяндайтын «Қырымның қырық батыр» атты батырлар жырының топтамасының осы аймақта ғана тұтасымен сақталып, атақты

Мұрын Сеңгірбайұлының аузымен біздің заманымызға жетуі де жай құбылыс емес. Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашаған, Аралбай, Сәттіғұл,

Зәкәрия, Сүгір «қаһармандық жыраулық мектебінің» бүгінге дейін жетуінің тарихы тым тереңде.

Адайда Абыл, Нұрымдай,

Байбақтыда Сырымдай,

Ат құлағын теңдесіп.


Шаша алған күйден көбік Құрманғазы,

Қашаған жырдан төккен маржан дүрді –дей келе



«


**1 жүрг:** Академик Ахмет Жұбанов былай деп жазады:  
«Маңғыстауда Шолтаман, Тастемір, Досат, Тұрсын, Жылкелді,  
Өтеулі, Өскенбай – «жеті әнші», «жеті қайқы» болып аттары  
шығады. Бұлар жетеуі бірге жүріп, көбіне қосылып ән айтады екен.  
Ол заманда қосылып ән айту сирек болғаннан ба, тыңдаушылар  
бұларды аса қатты құрметтейді екен. Әрине, жеті кісінің қосылып  
бір дауыста ән айтуы әннің сапалық жағын сөзсіз өзгертеді,  
күшейтеді, әсерлендіреді, байыта түседі:  
Жиналып жеті әнші «желе» кеттік,  
Бірігіп сәйгүлікпен елге жеттік.  
Әншінің айдап жүрген түлігі жоқ,  
«Адайдың жеті қайқысы» өлеңі .....



**Көнерген күнде күйлерден көбік шаштырған  
Бабама сен бе ең сексеуіл шоғын бастырған?  
Сол үшін сенің жоныңды сансыз бұрғылап,  
Сол үшін сенің көзіңді шайдай аштырғам!**

7-сынып оқушысы Аманғалиева Маликаның орындауындағы  
«Адай» биін қабыл алыңыздар

**Мәңгілік Ел**



Ер Қосай баба ұраны болдың Ұлыстың,  
Басында болдың, елдікті құрған Ұлы істің!  
Алатау, Сауран, Сыр менен Еділ, Жайықты,  
Қазақтың жерін қорғадың – жаумен тұрыстың.  
**Маңғыстаудың батыры Қосай батырдың ерлік  
жорықтарынан үзіндіге кезек берелік. 5а-сынып  
оқушылары**

**М а ң ғ ы с т а ۋ**


Әр сөзінде – бір ғалам,  
Ғаламның өзі жырлаған.  
Ғарыштан түскен періште,  
Қанатын жырдың сырлаған.

Сөзіңнің тіні – алтыннан,  
Таңдайыңа бал тұнған.  
Шапқанда жүйрік көрмеспін,-  
Сеннен өтіп артылған – дей келе Қашағанның термесіне  
кезек береміз. «Қалағандарың сөз болса» Орынд: 10-  
сынып оқушысы Елубаев Әлібек









**Ақ қанаты әппақ қардай үлпілдек,  
Аққу қонды көк теңізге бір күн кеп.  
Бұл ғаламат – кімнен қалған із еді?  
Мойындарын толғап-толғап жүзеді.  
«Аққу» биі 5а-сынып оқушыларының биіне кезек береміз.**





## Әбіш Кекілбайұлының “Туған жер” өлеңі мәнерлеп оқылады.



Өстім қырда, қиырда,  
Естімей орман шуылын.  
Жүзімді қақтап құйынға,  
Селеудің тыңдап суылын.

Теңізден шетпін бұрқақты,  
Тәнімді толқын көмбеді.  
Сусай қалсам, су тарттым  
Шыңыраудан шөлдегі.

Тақырға асық иірдім,  
Құмақта құдым қозыны.  
Күн жеп қойған киімнің  
Иықта кеткен тозығы.

Қиып та кеткем қиясын,  
Шағылын, тауын, обасын,  
Шағынып тамған көз жасым  
Бабамның қара моласын.

Сол кеткеннен мол кеттім,  
Бармаған жерім қалмапты.  
Ай сайын алыс жол шектім,  
Шар тарапты шарлаппын.





Қырымнан көріп қиянды,  
Ұрымнан танып ұяңды,  
Бұлағыңды ойлап мұхитта,  
Құрағыңды ойлап хан бақта,  
Самғатқам сансыз қиялды.

Құландар жортқан құба дөң,  
Қиырыңда әбден талықтым,  
Өзіңе берген уәдем –  
Өзекті өртеп, қамықтым.

Жүресің, ылғи есімде  
Өзіңнен жүрек босамай.  
Құлын боп ойнап төсіңде,  
Боздармын шетте ботадай

Өзгенің мұнда ісі не?  
Өзің, сірә, ұғарсың.  
Пейіште де түсіме  
Сен кіретін шығарсың.





Көк байрағым көпке өзін танытты!  
Көк аспан мен астасып-ақ қалыпты.  
Жүрегім ғой –  
Жүрегіме көрдің бе-  
Күн қонақтап, Қыран ұя салыпты.

Желбіреді ниетіндей қазақтың.  
Қазағыммен көк те жалғыз талас күн.  
Бейбіт аспан  
Берекесі - Әлемнің,  
Үміттілер үзбей көзін санассын.

Сабақ тақырыбы Отпан тау-Адай ата кесенесі-Маңғыстау төрінде.

Сабақ мақсаты Ұлттық мәдениет пен өнердің тәлімдік мүмкіндіктерін аша отырып, ғасырдан ғасырға жалғасқан асыл мұралар арқылы рухани адамгершілік қасиетті,ерлік рухы, әсемдік сезімі жетілген тұлғаны қалыптастыру.

Дамытушылық мақсаты: Маңғыстау халқының мәдениеті мен өнерін олардың даму ерекшеліктерін оқушыларға үйрету.Тарихи кесенелер тарихын, сәулет өнерінің сырларын ұғындыра отырып имандылыққа тәрбиелеу.

Тәрбиелік мақсаты:Туған жерге өлкеге деген сүйіспеншілігін арттырып,еліне деген мақтаныш сезімін ояту.Туған өлке табиғатын қорғауға баулу.

Пайдаланылған көрнектіліктер: Маңғыстау туралы суреттер,интерактивті тақта.

Әдісі:Жеке топтық, ұжымдық.

Тәрбие сағатын өткізуге арналған материалдар дайындау оқушыларға алдын ала тапсырма беріледі.Бұл оқушылардың жауапкершілігі мен ынтасын арттырады.

Олар қандай материалдарды қайдан табуға болатындығы жөнінде бағыт бағдар беріледі.

Басылымдар мен Маңғыстау туралы кітаптардан деректер жинайды.Бұның өзі оқушыны ізденімпаздыққа, өздігінен жұмыс істеуге үйретеді.

Тәрбие сағатын өткізудің жоспары.

1. Топтарға бөлу.
- 2.Жылдамдық сұрақтары
- 3.Адай ата-Отпан тау кесенесінің тарихы.  
(Көк бөрі,Ұран оты,Ту төбе.Батырлар алаңы)
- 4.Қорытынды.



1) 1-топ аты Отпан тау.

2) 2-топ аты Желтау.

3) 3-топ аты Ақтау.

Әр топқа мынандай сұрақтар қойылады.

1.Маңғыстау облысы қай жылы құрылды?

2.Маңғыстауда неше аудан бар?

3.Маңғыстау облысының қалалары?

4.Маңғыстауда қандай қорық бар?

5.Маңғыстауда ең төмен жатқан ойыс, оның тереңдігі?

6.Маңғыстаудың ең биік жерлері?

7.Маңғыстау билері кімдер?

8.Маңғыстауды зерттеген зерттеушілерді ата?

9.Маңғыстауда қандай түбектер бар?

10.Маңғыстау географиясы оқулығының авторы кім?

11.Маңғыстаудан шыққан батырлар?


12.Маңғыстау сөзі қайдан шыққан?

13.Маңғыстаудан шыққан билерді ата?


14.Отпан таудың биіктігі?

15.Отпан тау қай жерде орналасқан?


16.Маңғыстау аруларына кімдер жатады?



Отпан тау-тарихи мәдени кешен. кесенесі 2005жылы 25 қазанда ашылды.Кешен К.Демесінов жобасын негізінде құрылды.Осы жоба бойынша Отпан таудың басында салынған 12 құлпытас ортасынан қос күмбез көтеріліп,ол алтынмен апталды.Үш құлпытастың ортасындағысының бетіне алтын әріппен”Адай ата» деген сөз жазылған.Кесенеге кірер есік екеу:олар «қасиетті қос босаға» деп аталады.Күмбезді көтеріп тұрған құлпытастарға Адайдың сегіз арысының аттары,алішкі жағына Адай ұрпақтарының аты мен рулық шежірелері алтын әріппен жазылған.12қанат керегенің ішкі бетіне гранитпен қапталып.Адай туралы деректер әртүрлі тілде жазылған.Кесененің диаметрі 7м,биіктігі13м.



Адай ата кесенесі. Бұл Қаратау жотасының ең биік шоқысы Отпан тауда орналасқан. Биіктігі күмбез найзасының ұшына дейін 37 метр. Адай атаның екі жағында екі баласы Келімберді мен Құдайке атамыздың




«Адай ата-Отпан тау» этнографиялық рухани тарихи-мәдени кешені салынды. Оның авторы қоғам қайраткері, көрнекті ақын Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген қайраткер» Сабыр Адай.



Көк бөрі Түркі халықтарының символы. Ертеде заманда аталарымыз көкжал қасқырды пір тұтқан. Себебі ол қандай қиыншылыққа да төзімді, өз жауларынан да қорғана білетін, қолға үйренуге көнбейтін, туған жерінен басы ауған жаққа кетпейтін, ұяластарын сыртқы жауға бермейтін, қызыл кітапқа енген айлакер аң. Аталарымыз өз ұрпақтарының болымысында осындай қасиеттер болғанын қалап, балаларына үлгі тұтқан.



14 наурыз БатысҚазақстан өңірі халқының көне заманнан бергі Амал келді, жыл келді”деп жыл басы ретінде тойлаған,ғасырлар бойы салт-дәстүрге енген мейрам.2008 жылдан бастап,бұл мейрамөлкемізде Отпан таудағы Ақсарай алаңында өткізіліп келеді.



Адай ата кесенесінің сыртқы көрінісі .



Ерте заманда елге жау шапқанда кең байтақ Маңғыстауды ру-ру болып жайлап жатқан халықтың басын жинау үшін Отпан таудың басында ұран отын жаққан.Сөйтіп,Адай халқы бірігіп елін,жерін жаудан қорғап қалған Отпан таудың басынан жаққан алау от сонау Үстірттің үстінен көрінеді екен.Маңғыстау халқының амал мерекесі 14 наурызда басталады.Сол кезде Тағзым оты жағылады.





Ту төбе.Тәуелсіздігіміздің көрінісі .Ту тұғырдың биіктігі 20метр шамасында.Сонымен қатар болашақта Баһадүр батыр ескерткішін орнату жоспарланған.Бұл-қазақ жерін қорғағанАлатауға дейін барып,Сайрамды үш айналған Адай ата ұрпағы батырларына арналған ескеркіш статуя,Адай Ата-Отпан тау ТТЭМ орталығының мәртебесін көтеру,өлкеміздегі туризмді дамыту мақсатындағы ұлттық мәдени шаралар. Кең байтақ жерімізді қорғап,бүгінгі күнге жеткізген ата бабаларымыздың рухына арнап және бүгінгі таңда тәуелсіздігіміздің нығаюына үлес қосып жүрген халқымыздың еңбектегі жеңісінің құрметіне Ұран отын жағу

Тәрбие сағатының негізгі бөлімінде Адай ата кесенесін интерактивті тақтадан оқушыларға суреті көрсетіледі. Оқушылардан алдарындағы суретте не бейнеленгені сұралады, тәрбие сағатының негізгі тақырыбы ашылады. Бұл көріп отырғандарын «Адай ата-Отпан тау» этнографиялық рухани тарихи-мәдени кешені.

Адай ата туралы қандай әңгімелер мен өлең жырларды білесіңдер?  
Адай ата кесенесін тұрғызуға ұсыныс берген кім еді? Сабыр Адай суреті көрсетіледі.  
Бұл кісі туралы не білесіңдер?

Негізгі бөлімінде оқушыларды жоғарыда бөлінген топтар бойынша жұмыс істейді.

Мәселен бірінші топқа Адай ата кесенесінің тарихы туралы.

екінші топқа Отпан тау, Ұран оты тауы туралы.

үшінші топқа Көк бөрі туралы әңгімелеп қорғайды.

Әр топ берілген тапсырмаларын қорғап болғаннан кейін, біз бүгінгі тәрбие сағатынан Не үйрендік? Не білдік?-деп оқушылардан сұралады.

Қорытынды. Мұғалім «Отпан» тарихи мәдени кешенінің салыну мақсаты ата-баба рухынан нәр алу, оларды құрмет тұту, сол арқылы өткен өмір тарихы арқылы өзіміздің тәуелсіз жаңа тарихымызды жасау. Елбасымыз Қазақстан жолы- 2050 Бір мақсат, бір мүде, бір болашақ» Жолдауын халқына жария етті. Ел бірлігін, ынтымағын нығайту мақсатында маңғыстаулықтар жылда 14 наурызда бүкіл қазақ және қазақ елінің этнос өкілдері Адай ата-Отпан тау кесенесінде кездеседі. Бұл Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2050: Мәңгілік ел» стратегиялық Жолдауын жүзеге асырудың жарқын көрінісі.

«Көне де қасиетті Маңғыстауда сан қилы сын сағаттарда ұран отын жаққан, кәрі сеңгір Отпан таудың бүгінде мәңгілік отын маздатар Тағзым биігіне айналуы жан сүйсінерлік жақсылық өткенге құрмет, болашаққа деген жауапкершіліктің биік өнегесі дер едім.

Бұл кешен түбі терең тарихымызды ұрпағымыздың есіне салып, жүректеріне имандылық нұрын сеуіп, ұлы мұраттарға үндеп тұратын болады. Ол сондай-ақ Маңғыстау өңіріне жолы түсетін шетелдік туристердің де арнайы іздеп барып тәу ететін қасиетті мекеніне айналады деп үміттенемін» деген Елбасы. Тарихи-мәдени мұраларды оқып үйрену-рухани-адамгершілік құндылықтар қалыптастырады.